

## Үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Бейнеу ауданының әкімдігінің 2011 жылғы 24 ақпандағы № 29 Қаулысы. Бейнеу ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 28 ақпанда № 11-3-115 тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 254 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы әкімдігінің 14.09.2020 № 254 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңының 28 - бабы 6 - тармағына сай, Бейнеу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының ұсынысы бойынша аудандық әкімдік **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Село, селолық округтерде қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Президенттігіне барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар (одан әрі - Орындар) белгіленсін.

2. Село, селолық округ әкімдеріне 2011 жылдың 28 ақпанынан кешіктірмей елді мекендерді абаттандыру жұмыстарына қаралған қаржы есебінен Орындарды стендтермен, тақталармен, тұғырлықтармен жаратандыру тапсырылсын.

3. Осы қаулының орындалысын бақылау "Бейнеу ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысы Ү.Әмірхановаға жүктелсін.

4. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап қолданысқа енгізілсін.

Аудан әкімінің  
міндетін атқарушы

А.Ұлқбанов

Қ.Әбілшеев  
дайынд.: Ү.Әмірханова  
Қ.Бөлтеков  
М.Нысанбаев  
М.Көбеген  
Қ.Жарасбаева

Аудандық әкімдіктің  
2011 жылғы 24 ақпандағы  
№ 29 қаулысына қосымша

## **Қазақстан Республикасы Президенттігіне барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар**

Бейнеу селосы - Гимназия, халықтық банк филиалы,  
орталық аудандық аурухана  
ғимараттарының жанында

Боранқұл селосы - орталық базар, емхана ғимаратының  
жанында

Есет селосы - селолық клуб ғимаратының жанында

Ақжігіт селосы - селолық округ әкімі аппараты  
ғимаратының жанында

Сарға селосы - селолық мәдениет үйінің  
ғимаратының жанында

Тұрыш селосы - селолық клуб ғимаратының жанында

Сыңғырлау селосы - селолық клуб ғимаратының  
жанында

Сам селосы - селолық почта бөлімшесінің  
ғимаратының жанында

Төлеп селосы - селолық клуб ғимаратының жанында

Ноғайты селосы - селолық медициналық пункт  
ғимаратының жанында

Тәжен селосы - селолық медициналық пункт  
ғимаратының жанында